



БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Жеке жетістіктер: тұлға туралы
психологиямен байланысты
теориялар



Тұлға өлшемдері

Реймонд Кеттел (1970) де тұлғаның 16 негізгі қасиетін анықтау мақсатында сауалнаманың факторлық талдауын пайдалана отырып, тұлға қасиеттерінің теориясын жасады. Ол қазіргі кезде, әсіресе, белгілі бір салаларға қызметкерлер таңдау кезінде кеңінен қолданылып жүрген «16ФТ (16 факторлық тест)» деп аталатын тест жасап шығарды. Білім саласында да, жұмыста да қолданылатын, тұлғаны бағалаудың тағы бір құралы ретінде Майерс пен Бриггстің Жеке адам тұрпаты индикаторын (МВТИ) атақ та болады (Myers Briggs et al., 1998). Бұл - Карл Юнгтің тұлға типологиясына сүйене отырып жасалған, әркім өз бетінше толтыратын сауалнама. Бұл индикатор адамдарды төрт шкала бойынша бағалайды: сезіну-интуиция, экстраверсия-интроверсия, ойлау-сезім, пайымдау-қабылдау. Фаллан (2006) бұл құралды Норвегияда бизнес мамандығының студенттеріне қолданып, студенттің қай тұлға типіне жататыны оның оқудың қандай жолын және қай саласын таңдауына әсер етеді деген қорытындыға келеді.

Тұлға туралы гуманистік теориялар

1902 жылы Кули өзін-өзі қабылдаудың әлеуметтік интерактивті табиғатын сипаттай отырып, «Айнадағы мен» атты еңбегін жазып шықты. Карл Роджерс (1983) осы талдауда сөз болып отырған тұлға үшін маңызды болып келетін басқалардың рөлі туралы өзінің «дамып отыратын өзін-өзі бағалау» тұжырымдамасында айтып кеткен болатын. Роджерс әр жеке адамның өз әлеуетін іске асыруға, яғни, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ішкі қажеттілігімен бірге, дәл сондай маңызды, өзгелердің мақұлдауына деген қажеттілік те болады деп санайды (Hayes, 2010).

Пинкстен және басқалары еңбегінде (2015) оқушының жеке академиялық өзін-өзі бағалауы (яғни, оқушы академиялық контексте өзін қалай қабылдайды) қалайша қалыптасатыны туралы жан-жақты зерттелген. Олардың ойынша, оқушылар өздерін басқалармен және өздерінің түрлі академиялық жағдайдағы нәтижелерін басқа нәтижелермен салыстыру арқылы академиялық өзін-өзі бағалауды қалыптастыра алады. «Жалпы академиялық өзін-өзі бағалау оқушының барлық пәндерге қатысты академиялық қабілетін бағаласа («Мен мектептегі пәндердің көбін жақсы білемін»), пәндік академиялық өзін-өзі бағалау оқушының, мысалы, математика сияқты нақты бір академиялық пәнге қатысты қабілетін («Мен математикаға жақсымын») бағалайды (Pinxten et al., 2015: 124).

Тұлға құрылымы теориясы

Джордж Келлидің тұлға құрылымы теориясы (Kelly, 1955) тұлға дамуының бірегейлігі мен оқыту әрекетін адамдардың жаңа жағдайды, ақпаратты және т.б. түсіну үшін қолданатын тұлға құрылымына сүйене отырып түсіндіретін феноменологиялық тәсілдеме деп атаймыз. Келли біз түрткіге емес, өзіміз түрткі деп қабылдаған нәрсеге жауап береміз деп есептеді (Child, 2007). Ол өздері үшін маңызды адамдарға қатысты жеке адамдарда болатын биполярлық конструктіні ашуға көмектесетін, репертуарлық тор деп аталатын техниканы жасақтап шықты.

Мотивация және бәсеке

Мотивация жайлы зерттеулерге шолу жасай отырып, 20 жыл бұрын Лео мен Галлоуэй (1996) ұлттық оқу бағдарламасы мен жеке адамның мақсатынан гөрі, оқушылардың қабілетін салыстыра зерттеуге көңіл бөлетін педагогикалық зерттеулер нәтижесінде, кішкентай балаларда деструктивті таным қалыптасуы мүмкін екендігін ескерткен болатын.

Білім беру саласында жеке оқушылар арасындағы бәсеке оларды табысқа жетуге ынталандырады деген түсінік қалыптасқан. Мұндай көзқарастың қаншалықты кері әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Қабілеттің түрлі болуы бәсекеге негізделген оқыту жағдайына әсер ететіні сөзсіз, демек, бірі бәсекеде жеңуі үшін, екіншісі жеңілуге тиіс. Ковингтон (1998) оқушылардың әдетте, сәтсіздікке тап болмас үшін қандай да бір тәуекелге барудан бас тартуы және бәсеке кезінде оқушылардың тұтастық сезімінің төмендеуі бәсекенің мотивацияға тигізетін кері әсері деп есептейді. Сондай-ақ, оқытуда бәсеке тәсілдемесін қолдану кейбір заманауи білім беру әдістеріне де сай келмейді. Әлеуметтік конструктивистер ұсынып отырған коллаборативтік тәсілдеме бәсекеге негізделген оқыту ортасына қарама-қайшы келеді, себебі, бұл тәсілдеме бірлесе жұмыс істеуге арналған.



Ішкі және сыртқы мотивация

Мақтау мен жазалауға сүйенбейтін ішкі мотивация оқушылар үшін сыртқы мотивациямен салыстырғанда маңыздырақ деген пікір айтылып жүр. Алайда, оқушылардың тапсырманы дұрыс орындауын көтермелеу мақсатында мұғалімдер кейде сыртқы бекіту тәсілін де қолданады, ал ол өз кезегінде осы жетістік нәтижесі ретінде ішкі мотивацияның туындауына себеп болады. Оқушыларды ынталандырудың мұндай бихевиористік тәсілдемесін Уэлдолл мен Мерреттің (1985) 1980 жылдары жасаған.

Халайла (2015) ішкі мотивациясы жоғары студенттер тестіге қатты алаңдағанымен де мұның олардың жетістігіне айтарлықтай әсер етпейтінін анықтаған. Олай болса, бұл әсерлердің адам мінез-құлқына тигізетін әсері жеке адамның оқуға деген мотивациясына байланысты.

Енді интеллект және шығармашылық.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген британдық психолог Фрэнсис Гальтон (1869) жеке адамдар арасындағы айырмашылықты анықтау қажет дей отырып, кеменгерліктің қаншалықты дәрежеде тұқым қуалайтынын зерттеп көреді. Оның еңбегі жеке адамдардың ерекшелігін түсіндірудің қарама-қайшылыққа толы теориясы – ақыл-ойды зерттеу тестін, яғни психометриканы жасап шығаруға негіз болды. Бұл теория жеке адамның ең жоғарғы интеллектуалдық қуатын өлшеуді мақсат етті.

Интеллект-тест

Алғашқы тестіні 1905 жылы француз үкіметі үшін Альфред Бине мен Теодор Симон жасап шығарды. Назар аударатын мәселе - алғашқы күннен бастап, бұл тестілер практикалық мақсатта, яғни баланың мектепте қаншалықты жақсы оқи алатынын анықтау үшін жасақталды. Сондықтан да болар, тест деректер мен байланыстарды түсіну, сөздік қорды тексеру, математикалық және логикалық ойлау сияқты мектеп тапсырмаларын еске түсіретін элементтерді қамтыды (Boyd and Bee, 2014). Кейіннен Стэнфорд университетінің профессоры Льюис Терман тестіні ары қарай жетілдіріп, әр жастағы балаларға арналған және үш жастан бастап қолдануға болатын Стэнфорд-Бине ақыл-ой шкаласын жасады. Терман (1924) баланың тестіде қол жеткізген менталдық жасын оның хронологиялық жасына бөліп, оны жүзге көбейту арқылы баланың «интеллект коэффициентін/IQ» анықтады.

Интеллект және жетістік

Қалай десек те, IQ тестілерін жетістік тесті деуге болады. Бойд пен Би (2014) IQ тестілері жақсы болғанымен, олар ешқашан да сенімділіктің жоғары деңгейін көрсете алмайды, өйткені, жеке адамның тест баллдары тұрақты болумен қатар, IQ баллы мен мектеп жетістігі арасында тығыз байланыс бар деп есептейтін зерттеулерді мысалға келтіреді.

Интеллектке қатысты теориялар

Жиырмамыншы ғасырда бірнеше интеллект теориясы жасалды. Ең алдымен айтылатыны Жалпы және нақты қабілет (Спирмен) туралы теория.

Чарльз Спирмен (1927) IQ тестілердің көмегімен интеллектінің екі түрін анықтауға болады деп есептеді: G фактор (жалпы қабілет) және S факторлар (түрлі тестілердің көмегімен әртүрлі деңгейде анықталған түрлі менталдық қабілеттер). Сирил Берттін Иерархиялық топ факторы теориясы интеллект топтық факторлармен қатар, G және S факторларын да ұсынады, себебі, көптеген тестілер бір уақытта бірнеше, мысалы, вербалды қабілет және нақты қабілет дағдыларын қатар қамтиды (Child, 2007).

Интеллект туралы теориялардың келесісі Гилфордтың шығармашылық интеллект: конвергентті және дивергентті ойлау теориясы деп аталады

Гилфорд (1967) ақыл-ой мен шығармашылықты өлшеу бұдан да күрделі деп есептейді. Ол ойлаудың екі түрін алға тартады: бір ғана дұрыс жауаптан тұратын конвергентті ойлау және бірнеше ықтимал жауапты қамтитын дивергентті ойлау.

Келесі теория сұйық және кристалданған интеллект (Кэттелл) деп аталады.

Кэттелл (1963) интеллектінің немес ақыл-ойдың екі түрін анықтады. Сұйық интеллектіге ойлау, жад үдерістері мен кеңістіктік элементтер жатады; Кэттелл бұны тұқым қуалайды дей отырып, оның шамалары жеке адамның өлшеу кезіндегі ақпаратты өңдеу жылдамдығына байланысты деп жазды. Кристалданған



интеллект бұған дейін іске асырылған, өңдеу барысында жинақталған нәтижелерді білдіреді және оны жалпы білім мен сөздік қор арқылы тексеруге болады.

Интеллект: табиғат па, тәрбие ме?

1955 жылы британдық психолог Сирил Берт түрлі ортада өсіп-өнген 53 егіздің IQ баллы арасында жоғары корреляциялық байланыс бар екенін анықтады деп мәлімдеді. Бұл зерттеу нәтижелерінің маңызыдылығы - интеллектінің дамуына қоршаған ортаның шешуші қатысы жоқ деп жариялауында. Ағылшын білім беру жүйесі Берттің туа біткен интеллектіге байланысты балаларға түрлі деңгейде білім беру қажет деген пікіріне үлкен мән берді. Оның дәйектері балаларды гимназияларда және жаңа орта мектептерде бөліп оқытуға түрткі болды. Алайда, 1976 жылы Берттің зерттеу нәтижесі алаяқтық деген көзқарастар айтыла бастады. IQ тұқым қуалайды дегенге адамдардың құлай сенуіне байланысты, бұл зерттеу нәтижесінің маңызын жоққа шығаруға болмайды.

Тұқым қуалаушылық пен қоршаған ортаның әсері жайлы зерттеу жұмыстарына шолу жасай отырып, Би мен Бойд (2010: 185) Бушар мен Макгуаның (1981) екі жақта өскен монозиготалы егіздерге жасаған зерттеуі егіздердің IQ баллы 0.60 пен 0.70 аралығын, яғни, олардың арасында ерекше байланыстың бар екендігін анықтағанын айтады. Дегенмен, одан да тереңірек жүргізілген зерттеулер қоршаған орта неғұрлым бір-біріне ұқсасмаса, егіздердің IQ баллы да соғұрлым ерекшелене беретінін анықтаған. Кейінірек, тұқым қуалау мен қоршаған ортаның өзара байланысын зерттей отырып, табиғат/тәрбие мәселесіне қатысты біраз сұрақтың шешуі табылғандай болды. Вайнберг (1989) баланың гені оның өскен ортасына байланысты 25 баллға дейін өзгеріп отыратын IQ диапазонын анықтап бере алады деген пікір айтады.

Терминдер

Конвергент – тапсырманы орындауда алдыңғы меңгерген алгоритмдерді қолданатын, тапсырманы қиындығына қарай біртіндеп орындайтын тұлға.

Дивергент – тапсырманы орындауда бірнеше жүйелер мен алгоритмдерді қолданатын тұлға.

Сұрақтар:

1. Тұлға туралы қандай гуманистік теориялар бар және олардың сипаттары қандай?
2. Білім беру процесіндегі мотивация мен бәсекенің қарама-қайшы келетін тұстары қандай және оның себептері неде?
3. Интеллектке қатысты теориялар нені зерттеді және қандай шешімдерге келді?